

Ұлық мереке ұлттық құндылықтарды жаңғыртты



Көктем біз үшін жай ғана жыл мезгілі емес, тіршіліктің бастауы, мамыражай өмірдің белгісі іспетті.

Себебі, наурыз айы мейраммен, қуанышпен басталады.

Самарқанның көк тасы еритін Наурыз түркі халықтарының, соның ішінде біздің де ұлық мерекеміз. Тіршілік атаулыға жан бігіп, дүние жаңарып жатқанда біз де өз жаңа жылымызды тойлап жатамыз. Әз-Наурыз қазақ халқының байырдан келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып сынды ұлттық жөн-жоралғымызды кеңінен насихаттап, ұлттық құндылығымызды келер ұрпаққа кеңінен танытатын мереке.

Келер ұрпаққа, жастарға ұлттық мұрамызды дұрыс жеткізу – аға буынның міндеті. Әсіресе, оқу орындарында алдында отырған шәкірттерге сапалы біліммен қатар ұлттық тәрбие, қазақи әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді үйрету, таныстыру жолында оқытушы-

лардың арқалайтын жүгі жеңіл емес.

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Сәулет факультетінде «Практикалық орыс тілі» кафедрасының оқытушылары заманға сай, жастарға қызықты түрде түрлі тәрбиелік мәні зор қызықты іс-шаралар өткізуде. Мұғалімдер арасында да, студенттер арасында да Наурыз мерекесі кеңінен тойланды.

Жетпіс жылдай бодандық кесірінен ұмыт болған ұлттық мереке жылдан-жылға түрленіп, жаңаша тойлау кең таралып келеді. Жаңа жылдың беташары іспетті 14 наурызда басталған Көрісу немесе Амал мерекесінен бастау алған іс-шараларда салт-дәстүрлеріміз ұлықталып, насихатталуда. Осындай оң жұмыстардың нәтижесінде өз-Наурыз халқымыз, соның ішінде жастарымыз жыл сайын сағына күтетін мерекеге айналады деп сенеміз.

**Роза БЕКТЕНОВА,
Гүлназ ПӘРМЕНҚҰЛОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Сәулет факультетінің
«Практикалық қазақ тілі»
кафедрасының оқытушылары**